



МҰҚРАЖ- ҚАЗАЛЫ



№73
(2139)
Сенбі
19 тамыз
2023 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады

Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

АУДАН ӘКІМІ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІН ТЫҢДАП, СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРДІ



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кезекті кездесуі «Сарыкөл» ауылдық округінің орталығы-Абай аулындағы ауылдық клубтың жанында болып өтті. Кездесуде аудан басшысы тұрғындарды ауданда және де өзге ауылдарда атқарылып жатқан бірқатар жұмыстармен таныстырды. Одан соң тұрғындардың тарапынан ұсыныс пікірлер айтылды. Олар бұлақ қазу, әкімшілік үйін салу және көгілдір отынмен қамтамасыз ету керектігін айтты.

Аудан басшысы сұрақтардың шешімі алдағы уақытта табылатынын тілге тиек етті.

Жиын соңында ауыл тұрғындары аудан басшысы мен бірқатар сала мамандарына алғыстарын айтып, алдағы атқарылатын жұмыстарға сәттілік тіледі.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев жаңа оқу жылына байланысты мектептің дайындығын тексерді.

Айта кетейік, қазіргі таңда ауылда медициналық амбулаторияның құрылысы қарқынды жүріп жатыр.

Аудан басшысы Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кездесуі «Көларық» ауылдық округінің орталығы - Ақтан батыр аулында жалғасын тапты. Аудан әкімі тұрғындарды ауданның тыныс-тіршілігімен таныстырды. Және алдағы уақытта ауданда және ауылдық округте атқарылатын жұмыстарға да тоқталып өтті.

Ауыл тұрғындарының көкейде жүрген сұрақтары мен ұсыныс пікірлеріне кезек берілді. Ауылдың көшелеріндегі жолдарды жөндеу керектігі басты назарға ұсынылды. Аудан

басшысы Мұхтар Оразбаев бұл мәселенің алдағы уақытта шешімі табылатынын айтып өтті. Және басшыларға білім мен медицина саласына аса көңіл бөлуді тапсырды.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың ауыл тұрғындарымен кездесуі «Өркендеу» ауылдық округінің орталығы-Жанкент аулында жалғасты. Жиында аудан әкімі аудан көлемінде атқарылып жатқан біршама жұмыстар жайлы әңгімеледі. Қазіргі кезде белең алып тұрған жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық пен алаяқтықтан сақ болуды ескертті.

Айта кетейік, жиынға аудандағы бірқатар сала басшылары қатысты.

Кезек ауылтұрғындарының ұсыныс-пікірлеріне келгенде, тұрғындар ауылдың көше жолдарын жөндеу және мектеп ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу керектігін жеткізді.

Тұрғындармен кезекті кездесу «Бірлік» ауылдық округінде өтті. Аудан басшысы ауыл тұрғындарына аудан бойынша атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады. Тұрғындарды әрқашан осындай ауызбіршілікте болуға шақырды.

Ауыл тұрғындары ауыл көшелеріне жарық орнату жөнінде ұсыныс білдірді.

Аудан басшысы ұсыныстың алдағы уақытта шешімі табылатынын айтты. Жиын соңында тұрғындар аудан басшысы мен сала мамандарына ауданда атқарылып жатқан жұмыстар үшін алғыс айтып, батасын берді.



АУДАН ӘКІМІ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ ҰСЫНЫС-ПІКІРЛЕРІН ТЫҢДАП, СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАП БЕРДІ

(Соңы. Басы 1-ші бетте)



Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев - Бекарыстан би ауылында тұрғындармен кездесуін өтті. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев

«Арықбалық» ауылдық округінің орталығы - Жанқожа батыр ауылында жалғастырды. Жиын ауылдың спорт кешені алаңында өтті. Аудан әкімі тұрғындарды аудандағы және өзге де ауылдық округтерде атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды. Кездесуде ауылдағы біршама мәселелер қозғалды. Биыл ауылда жаңа мектеп бой көтеретінін айтты.

Тұрғындар ауылға жедел жәрдем көлігінің қажет екенін, тұрғындар үшін автобус бөлу керектігін тілге тиек етті. Сондай-ақ біршама сала мамандарына да сұрақтарын қойып, алдағы уақытта жеке кездесу өткізу қажеттігін айтты.

Тұрғындармен аудан басшысының кездесуі «Майдакөл» ауылдық округінің орталығы

баев тұрғындарды өзге ауылдарда бой көтеріп жатқан құрылыс жұмыстарымен және аудандағы атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.

Жиында ауыл тұрғындары 3000-ға жуық адам тұратын ауылға мектептегі оқушы тасымалы үшін автобус, көшелерді жөндеу қажет екендігін айтты.

Аудан басшысы оқушылар тасымалы үшін автобус алдағы уақытта қарастырылатынын және көшелерді жөндеу жұмыстары 2024 жылға жоспарланып отырғанын айтты.

Жиыннан соң аудан әкімі жаңа оқу жылына мектептің дайындығын тексерді.

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың тұрғындармен кездесуі «Алға» ауылдық округінің орталығы - Үрмәш

жоспарлармен таныстырды. Әйтеке би кентіндегі электр желілерінің жаңартылып, көршілес үш ауылда медициналық амбулаториялардың салынып жатқандығын тілге тиек етті. Ауылдағы тұрғындар игілігіне пайдалануға берілген бірқатар ғимараттарды салуға атсалысқан ауыл тұрғындары мен жастарына алғысын білдірді.

Тұрғындармен кездесуде аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы Талайлы Бөріқұлақов сөз сөйлеп, ауыл тұрғындарын ауызбіршілікте болуға шақырды.

Тұрғындармен кездесу

«Ақжона» ауылдық округінде жалғасты. «Майдакөл» ауылына ат басын бұрған аудан басшысы Мұхтар Оразбаев алдымен жаңа оқу жылына мектеп дайындығын тексерді. Одан соң тұрғындарды ауданда атқарылып жатқан бірқатар жұмыстармен таныстырып өтті. Тұрғындардың ұсыныс-пікірлеріне де құлақ түріп, алдағы уақытта сауалдардың барлығы оң шешім табатынын айтып өтті.

Жиын соңында ауыл қариялары ауылда атқарылып жатқан жұмыстарға жақсы баға берді.

**Ұлпан ІБІРАШ,
«Тұран-Қазалы»**

● Хабарландыру

«Тұран-Қазалы» ЖШС-і осы жылғы 17 қыркүйекте өтетін «Басықара» ауылдық округі әкімінің төте сайлауына орай үгіт-насихат материалдарын аймақтық «Тұран-Қазалы» газетіне орналастыру бойынша өз қызмет құнын ұсынады.

«Тұран-Қазалы» газеті 2003 жылдың 5 қаңтарынан бастап шығып келеді.

Шығарылымы аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері.

Таралымы - 11097 дана.

Газеттің бір шаршы сантиметрінің құны - 120 теңге.

Үгіт -насихат материалдары 2023 жылдың 28 тамыз сағат 18-00-ден басталып, 2023 жылдың 15 қыркүйек аралығында жарияланады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, 14 үй
Байланыс телефондары: 8(72438) 21-7-49, 8(72438) 26-0-94

E.mail: tooturankazaly@mail.ru

Су және көріз жүйесі қызметін пайдаланушылар назарына!
ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің 15.08.2023 жылғы №33 – НҚ бұйрығына сәйкес «Қазалы – Су сервис» МКК-ның суды таратушы желілер арқылы беру және сарқынды суды бұру қызметтеріне 2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілетін тарифтер

№	Қызмет атауы	Өлшем бірлігі	Тариф (теңге) ҚҚС-сыз
I	Суды таратушы желілер арқылы беру қызметі бойынша, оның ішінде:	1 текше метр/теңге	
1	Халыққа	-//-	82,67
2	Бюджеттік мекемелер	-//-	168,36
3	Басқада тұтынушылар	-//-	830,23
II	Сарқынды суды бұру қызметі бойынша, оның ішінде:	1 текше метр/теңге	
1	Халыққа	-//-	51,52
	Бюджеттік мекемелер	-//-	349,61
	Басқада тұтынушылар	-//-	349,61

«Қазалы – Су сервис» МКК әкімшілігі

ЖОБА

«Қазалы ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі № 20 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және «Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын нормативтік құқықтық актілердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 26 маусымдағы №408 бұйрығына сәйкес, Қазалы аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. «Қазалы ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі №20 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8406-11 болып тіркелген) жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты-жөні

Қазалы аудандық мәслихаты шешімінің жобасына ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

№	Шешімнің жобасында көрініс табуы тиіс болған мәліметтердің тізбесі	Мемлекеттік органның – әзірлеушінің ақпараты
1.	Аудандық мәслихаттың Шешімі жобасының атауы	«Қазалы ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы» Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі №20 шешімінің күші жойылды деп тану туралы
2.	Жоба әзірлеуші мемлекеттік орган	«Қазалы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
3.	Жобаны қабылдау қажеттілігінің негіздемесі	Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2023 жылғы 26 маусымдағы «Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын нормативтік құқықтық актілердің тізбесін бекіту туралы» №408 бұйрығы
4.	Жобаны іске асыруға байланысты болжанатын қаржылық шығындар	Жобаны қабылдау жергілікті бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді
5.	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімі	Қазалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 28 сәуірдегі №20 шешімі Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатпайтын нормативтік құқықтық акті тізбесінде бекітілген
6.	Басқа актілерді жобаға сәйкес келтірудің қажеттілігі	Жоқ
7.	Басқа мәліметтер	Жоқ

«Қазалы аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімі» КММ басшысы

А.Бөріқұлақов

ПРОЕКТ

О признании утратившим силу решение Казалинского районного маслихата от 28 апреля 2023 года №20 «Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев на 2023 год по Казалинскому району»

Закон Республики Казахстан «О правовых актах» и приказом Министра юстиции Республики Казахстан от 26 июня 2023 года № 408 «Об утверждении перечня нормативных правовых актов, не подлежащих государственной регистрации в органах юстиции», Казалинский районный маслихат РЕШИЛ:

1. Признать утратившим силу решение Казалинского районного маслихата от 28 апреля 2023 года №20 «Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев на 2023 год по Казалинскому району» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за номером № 8406-11).

2. Настоящее решение вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА к проекту решения Казалинского районного маслихата

№	Перечень сведений, которые должны быть отражены в проекте решения	Информация разработчика - государственного органа
1.	Наименование проекта решения маслихата района	О признании утратившим силу решение Казалинского районного маслихата от 28 апреля 2023 года №20 «Об утверждении ставок туристского взноса для иностранцев на 2023 год по Казалинскому району»
2.	Государственный орган - разработчик	Коммунальное государственное учреждение «Отдел предпринимательства, промышленности и туризма Казалинского района»
3.	Обоснование необходимости принятия проекта	Приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 26 июня 2023 года № 408 «Об утверждении перечня нормативных правовых актов, не подлежащих государственной регистрации в органах юстиции»
4.	Предполагаемые финансовые затраты, связанные с реализацией проекта	Принятие проекта не требует дополнительных финансовых затрат из местного бюджета
5.	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов	Решение Казалинского районного маслихата от 28 апреля 2023 года № 20 утвержден перечень нормативных правовых актов, не подлежащих государственной регистрации в органах юстиции
6.	Необходимость приведения других актов в соответствие с проектом	Нет
7.	Другие сведения	Нет

Руководитель
КГУ «Отдел предпринимательства, промышленности и туризма Казалинского района»

А.Бөріқұлақов

ҚАМҚОРЛЫҚ АЯСЫНДА

«Қазақстан Республикасының әлеуметтік кодексі» Қазақстан Республикасындағы мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді және мүгедектерді қорғауды қамтамасыз етудің, олардың тіршілік – тынысы мен қоғаммен етене араласуы үшін тең мүмкіндіктер жасаудың құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шарттарын белгілейді.

Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдар әлеуметтік қорғауға, соның ішінде оңалтуға, әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне кіріп – шығуын және ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуге, білім алуға, қызмет түрін, соның ішінде еңбек қызметі түрін еркін таңдауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін алуға құқылы.

Адамды мүгедектігі бар адам деп тану және еңбекке қабілеттіліктен айырылу дәрежесін белгілеу кезінде әлеуметтік қорғаудың себептері, мерзімдері, әлеуметтік қорғау шараларына қажеттіліктері айқындалады, сондай-ақ, мүгедектігі бар адамдарға оңалтудың жеке бағдарламасының әлеуметтік және кәсіптік бөліктері әзірленеді. Денсаулығына байланысты мүгедектігі бар адам деп тану медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиялары арқылы анықталып, берілетін мүгедектік тобы 1-ші, 2-ші, 3-ші және 7 жасқа дейінгі мүгедектігі бар балалар, 7 жастан 18 жасқа дейінгі 1-ші, 2-ші, 3-ші топтағы мүгедектігі бар балалар болып белгіленеді.

Мүгедектердің оңалтудың бағдарламасына байланысты мүгедектігі бар адамдарға санаторий – курорттық емделуді ұсыну және протездік-ортопедиялық, сурдотехникалық, тифлотехникалық, арнаулы жүріп – тұру, гигиеналық қажетті құралдарын алу үшін «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық емес акционерлік қоғамының Қызылорда облысы бойынша филиалы немесе үйде отырып, өтінішін «Е-gov» электрондық қызмет порталы арқылы жеке цифрлық қолтаңбасымен қажетті құрал – жабдықтарына таңдау жасай алады.

Жүріп-тұруы қиын I топтағы мүгедектігі бар адамға жеке көмекші қызметін қажет ететіндігі туралы медициналық – әлеуметтік сараптау комиссиясының берген жеке оңалту бағдарламасына сәйкес жеке көмекші арасындағы шарт талаптарына сәйкес оның тұратын жерінен баратын пунктіне дейін және қайтуға; жұмысқа, оқу орындарына, сондай-ақ, жергілікті өкілді және атқарушы органдарға, сотқа, прокуратураға, әлеуметтік сала объектілеріне, медициналық мекемелерге, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарына жұмысқа орналасуына, өзінің құқықтары мен мүдделерін қорғауына ақпарат алуына, қажетті құжаттарды рәсімдеуіне байланысты мәселелерді шешу үшін өзге де ұйымдарға барған кезде ілесіп жүру бойынша әлеуметтік қызметтерді көрсетеді.

Сондай-ақ, есту қабілеті бойынша мүгедектігі бар адамдарға ымдау тілі маманының

естітін және естімейтін адамдар арасындағы делдалдық қызметті көрсетумен, қажетті құжаттарды рәсімдеуіне байланысты мәселелерді шешуі үшін, естітін адамдармен араласуы кезінде ымдау тілінен және ымдау тіліне кәсіби аударма жасауға байланысты әлеуметтік қызметтерді көрсетеді.

Мүгедектігі бар адамдарды оңалту жұмыстары медициналық – әлеуметтік сараптама қорытындысы негізінде айқындалатын мүгедектігі бар адамды оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес жүзеге асырылады.

Жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектігі бар адамдар жеке оңалту бағдарламасына сәйкес техникалық көмекші (орнын толтырушы) және арнаулы жүріп – тұру құралдарымен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жұмыс берушінің қаражаты есебінен қамтамасыз етіледі.

Сонымен қатар, мүгедектігі бар, бірақ жеке оңалту бағдарламасын алмаған мүгедектігі бар адамдар емдеуші дәрігері арқылы науқастығына сәйкес медициналық – әлеуметтік сараптама қорытындысын алу үшін жолдама алуы тиіс және қортындысын алған жағдайда ғана оңалту парағына сәйкес жұмыстар жүргізіледі.

Мүгедектігі бар адамдарды қорғау саласындағы жұмыстар мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғауға, оның ішінде оңалтуға және қоғаммен етене араласуына бағыттылған.

Қазалы ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ӨСІМДІКТЕР КАРАНТИНІ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕР

ҚР АШМ АӨК Мемлекеттік инспекция комитетінің Қазалы аудандық аумақтық инспекциясы мемлекеттік қызмет көрсетумен айналысады. Атап айтқанда:

1. Карантинге жатқызылған өнімді ҚР аумағында тасуға карантиндік сертификат беру.

2. Карантинге жатқызылған өнімді ҚР-дан тыс жерлерге әкетуге фитосанитариялық сертификат беру.

2023 жылдың 1 тамызынан бастап, «Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы №15-08/590 бұйрығына 2023 жылғы 1 маусымдағы №211 бұйрығымен өзгеріс енгізіліп Өсімдіктер карантині саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығына сәйкес, карантиндік сертификатты беру мерзімі 8 (сегіз) жұмыс сағатын, фитосанитариялық сертификатты беру мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.

Сонымен қатар, карантинге жатқызылған жылдам бұзылатын өнімді (жемістер, жидектер, көкөністер, бақша дақылдары) ел аумағында тасуға карантиндік және фитосанитариялық сертификат беру өтініш келіп түскен сәттен бастап 3 (үш) жұмыс сағаты ішінде жүзеге асырылады. Ол үшін 7 (жеті) күнтізбелік күннен асырмай берілген карантиндік – фитосанитариялық сараптама қорытындысы қоса жолдануы қажет.

Қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар www.egov.kz «электронды үкіметтің» вебпорталы арқылы өтінім бере алады. Сонымен қатар, инспекцияда жеке және заңды тұлғалардың өтінім беру процесін жеңілдету мақсатында, «өзіне-өзі қызмет көрсету» бұрышы да ұйымдастырылған. Өтінім келіп түскеннен кейін, инспекцияда ұйымдастырылған «бір терезе» қағидаты бойынша орындаушыға жолданып, өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспектор өнімнің фитосанитариялық жай-күйін жете тексеруге барады, қажет болған жағдайда үлгілер алып, фитосанитариялық сараптамаға жібереді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді алу барысында кедергілер немесе қосымша сұрақтар туындаған жағдайда 21-7-60 номерлері арқылы байланысуға болады.

Мәулен ҚАРАСАЙ,
ҚР АШМ АӨК МИК МИК
Қазалы аудандық аумақтық инспекциясының
Өсімдіктер карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторы

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат Министрлігінде 2004 жылғы 15 наурызда тіркеліп, №4801-г куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспахананың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор-бас редактор - 2-17-49, директор-бас редактордың орынбасары - 2-47-77, жауапты хатшы және бухгалтер - 2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымы жаратқан газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11097 дана.